

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарасу ауданы Айдарлы ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 2 қазандағы № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 19 қазанда № 7256 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы Айдарлы ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 5 ақпандағы № 1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы Айдарлы ауылдық округі әкімінің 05.02.2018 № 1 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабы 7) тармақшасына сәйкес және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қарасу аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің басшысының 2017 жылғы 08 тамыздағы № 01-20/195 ұсынысы негізінде, Айдарлы ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Қостанай облысы Қарасу ауданы Айдарлы ауылдық округінің Герцено ауылы аумағында орналасқан құтыру ауруының пайда болуына байланысты Епифанов Виктор Николаевичтің ауласына шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Қарасу ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қарасу аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі тұтынушылардың құқықтарың қорғау комитетінің Қостанай облысы тұтынушылардың құқықтарың қорғау департаментінің Қарасу аудандық тұтынушылардың құқықтарың қорғау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) анықталған эпизоотиялық ошақта ветеринариялық-санитариялық қолайлы жағдайға қол жеткізуге қажетті ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар жүргізу ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қарасу ауданы әкімдігінің
ветеринария бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Бейсенов А.Б.

2017 жылы 2 қазан

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Ауыл
шараушылығы министрлігі

Ветеринариялық бақылау және

қадағалау комитетінің Қарасу

аудандық аумақтық инспекциясы"

мемлекеттік мекемесіненің басшысы

_____ Таукеев Е.А.

2017 жылы 2 қазан

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Ұлттық

экономика министрлігі тұтынушылардың

құқықтарың қорғау комитетінің Қостанай

облысы тұтынушылардың құқықтарың қорғау

департаментінің Қарасу аудандық тұтынушылардың

құқықтарың қорғау басқармасы" республикалық

мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Кайзер В.В.

2017 жылы 2 қазан